

Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 253 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың тұжырымдамасы туралы" 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 85, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған Бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері Бағдарлама бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың өңірлік бағдарламаларын әзірлесін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпаратты есепті жарты жылдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне ұсынсын. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.20. N 364 қаулысымен, 2005.01.28. N 73 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі жарты жылдың қорытындылары бойынша қаңтарда және шілдеде Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын. <*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.20. N 364 қаулысымен, 2005.01.28. N 73 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының үкіметтік емес
ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005
жылдарға арналған бағдарламасы**

1. Бағдарламаның паспорты

- Бағдарламаның атауы - Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы
- Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме - Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың тұжырымдамасы туралы" 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 85, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулылары
- Бағдарламаның негізгі әзірлеушісі - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
- Бағдарламаның мақсаты - азаматтық қоғамның бір бөлігі ретінде Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың тұрақты дамуы үшін жағдайлар жасау және мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл жасау және олардың тарапынан қолдау көрсету негізінде қоғамның әлеуметтік маңызы бар мәселелерін шешудегі олардың рөлін күшейту
- Бағдарламаның міндеттері - мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жүйесін жетілдіру; әлеуметтік мәселелерді шешетін елдің үкіметтік емес ұйымдарын ақпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдастырушылық-техникалық қолдау; үкіметтік емес ұйымдардың қызметін қамтамасыз ететін құқықтық базаны жетілдіру; мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесін қалыптастыру; аймақтарда азаматтық бастаманың артуына жағдай жасау; үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілерді даярлау және біліктілігін көтеру жүйесін

құру; үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне тұрақты мониторинг пен зерттеулер жүргізу;

халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті қаржыландыру бюджеттерде көзделген қаражат және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері шегінде жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен қаржыландырудың жалпы көлемі 37628000 теңге көлемінде көзделеді, оның ішінде: 2003 жылға - 14 000 000 теңге, 2004 жылға - 11 146 000 теңге, 2005 жылға - 12 482

000 теңге. <*>

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже - мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы әріптестік қатынастардың тұрақты әрі тиімді жүйесін әзірлеу және енгізу;

- елдің үкіметтік емес секторын одан әрі дамыту үшін құқықтық, әдіснамалық жағдайлар жасау;

- аймақтарда азаматтық бастаманың өсуі үшін жағдайлар жасау;

- халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты

нығайту

Бағдарламаны іске мерзімдері - 2003-2005 жылдар асыру

Ескерту. 1-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.02.06. N 146 қаулысымен .

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың Тұжырымдамасы туралы" 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 85 , " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470

қаулыларына сәйкес әзірленген және 3 жылға есептелген.

Осы бағдарламаны әзірлеу үкіметтік емес секторды қолдау әрі олармен өзара іс-қимылдың кешенді және мақсатты бағытталған мемлекеттік саясатын әзірлеу қажеттілігінен туындап отыр. Азаматтық қоғамның ажырамас құрамдас бөлігі бола отырып, үкіметтік емес сектор елдегі қоғамдық-саяси процестердің одан әрі демократияландырылуына оң әсер етеді. Үкіметтік емес ұйымдар ерікті негізде әрекет жасай және бастама көтере отырып, қазірдің өзінде әлеуметтік саланың проблемаларын шешуге елеулі үлес қосып отыр. Қазіргі уақытта үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік құрылымдармен нақты ынтымақтастығы тең құқылы әріптестік қағидаттарда маңызды мәнге ие болып отыр.

Бағдарлама елдің мемлекеттік органдары мен үкіметтік емес ұйымдары арасында орнықты әрі тиімді әріптестік қатынастар жүйесін құруға бағытталған.

3. Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдау проблемаларының қазіргі жай-күйін талдау

3.1. Қазақстан Республикасының үкіметтік емес секторының қалыптасу кезеңдері және оның мемлекетпен өзара іс-қимылы

Үкіметтік емес сектордың қалыптасуы қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуымен, Қазақстанның демократиялық, нарықтық экономикасы бар әлеуметтік мемлекет ретінде даму кезеңімен тұспа-тұс келеді. Қазақстанда тәуелсіздіктің 10 жылы ішінде қоғамның әлеуметтік маңызы бар проблемаларын шешетін қоғамдық бірлестіктерден, қорлардан, мемлекеттік емес коммерциялық емес мекемелерден тұратын үкіметтік емес сектор қ а л ы п т а с т ы .

Үкіметтік емес ұйымдар - бұл азаматтар заңнамаға қайшы келмейтін өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған, қоғамдық қатынастарды реттеу тетіктерінің бірі болып табылатын, әлеуметтік проблемаларды шешуде, азаматтық қоғам қалыптастыру мәселелерінде мемлекет пен азаматтардың арасында дәнекерлік рөл атқаратын коммерциялық емес ұйымдар. Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі азаматтық бастаманы дамытуға, әлеуметтік проблемаларды шешудегі қоғамдық ұйымдардың рөлін арттыруға, қоғамды тұрақты дамытуға қол жеткізуге бағытталған.

Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдар қызметін талдау қоғамдық сектор дамуын және оның мемлекетпен өзара іс-қимылын 3 кезеңге бөлуге мүмкіндік береді.

Үкіметтік емес сектор қалыптасуының 1-кезеңі 1980-ші жылдардың аяғынан бастап 1994 жыл кезеңін қамтиды. Отандық және шетелдік сарапшылардың бағалауы бойынша осы уақытта 500-ге жуық үкіметтік емес ұйым құрылды. Бұл ретте үкіметтік емес ұйымдар негізінен құқық қорғау бағытында болды, бұл Қазақстан тәуелсіздігінің

қалыптасу кезеңімен және демократиялық қайта құрулар процесінің басталуымен
б а й л а н ы с т ы .

Бұл кезең мемлекеттік емес секторға қатысты мемлекеттің жалпы көзқарасы мен басымдықтарын әзірлеу процесімен сипатталды. Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың оң ынтымақтастығына мысалдар сирек кездеседі.

2-кезең - 1994-1997 жылдар. Бұл үкіметтік емес ұйымдардың сапалық және сандық өсу кезеңі, олардың саны 1600-ге дейін өсті. Үкіметтік емес сектордың тек сандық жағынан өсуін ғана емес, сонымен бірге қызмет түрлері бойынша да сараланғанын атап өткен жөн. Үкіметтік емес ұйымдардың сандық өсуін бірінші кезекте халықаралық қорлар мен ұйымдардың гранттар жүйесі арқылы жаппай қаржылық қолдау есебінен жүруімен түсіндіруге болады.

Шетелдік қорлар мен ұйымдардың гранттық қолдауы оқыту әрі әдістемелік сипатта болды және үкіметтік емес сектордың қалыптасу процесіне елеулі әсер етті.

1996 жылы қоғамдық бірлестіктердің заңдық мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін анықтаған, жаңа үкіметтік емес ұйымдардың пайда болу процесін жандандыра түскен "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Бұл кезең үкіметтік емес ұйымдардың құрылымдық және ұйымдастырушылық қалыптасуымен, үкіметтік емес секторға қатысты бірыңғай мемлекеттік саясаттың әзірленуімен атап өтіледі.

3-ші кезең 1998 жылдан басталады және осы уақытқа дейін жалғасып келеді. Бұл - мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылының тетігін іске асыру туралы мәселенің нақты қойылуымен сипатталатын, жаңа сапалық кезең. Үкіметтік емес ұйымдардың сандық өсуі олардың санының 3500-ге жуықтауына алып келді. Оларда тұрақты негізде 35 мыңнан аса адам, уақытша (консультанттар, сарапшылар) - 50 мыңға дейін адам және еріктілер - 100 мыңнан аса адам жұмыс істейді.

Талдау қазіргі уақытта қызметтің әр түрлі бағыттары бойынша үкіметтік емес ұйымдардың жеткілікті тұрақты топтарының қалыптасып отырғанын көрсетеді.

Бірінші кезекте қоғамдық секторды сапалық, ұйымдастырушылық-практикалық қолдау проблемасы туындайды. Мұндай жағдайда үкіметтік емес сектордың мемлекетпен тең құқылық әріптестік қағидаттарындағы нақты ынтымақтастығы маңызды мәнге ие болып отыр.

Мемлекет бүгінде мемлекеттік емес ұйымдарға қолдау көрсетуде. Қоғамдық процестерде коммерциялық емес ұйымдардың рөлі мен орнын тануда нақты қадам болған "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2001 жылы қабылдануы осының айғақтарының бірі болып табылады. Коммерциялық емес заңды тұлғалардың ұйымдастырушылық-құқықтық нормалары мен түрлері, олардың құқықтары мен міндеттері, құрылу тәртібі, қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату заңмен айқын белгіленген.

Үкіметтік емес ұйымдардың кейбір санаттарына тіркеу шарттарының жеңілдетілуін оң құбылыс ретінде атап өтуге болады. Айталық, "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 желтоқсандағы N 1660 қаулысына сәйкес балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарын тіркеу үшін алым ставкасы алым төлеу күніндегі қолданыстағы екі еселенген айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 84 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларды қосылған құн салығынан босату ережесіне сәйкес мемлекет, мемлекеттер үкіметтері, халықаралық ұйымдардың желісі бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін тауарлар салықтан босатылуы әлеуметтік проблемаларды шешу үшін маңызды болып табылады.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың мақсаттары мен басымдықтары, оны іске асырудың қағидаттары, тетіктері мен деңгейлері анықталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 85 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдау тұжырымдамасының қабылдануы үкіметтік емес секторды дамытудағы ерекше оқиға б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осылайша, қазіргі уақытта мемлекет үкіметтік емес секторды қолдау жөнінде едәуір шаралар қабылдауда, бірақ үкіметтік емес ұйымдардың көпшілігі өз міндеттерін жүзеге асыруда қиыншылықтарды бастан кешіруде. Өңірлерде, әсіресе ауылдық жерлерде, оның біркелкі дамымауы мемлекеттік емес секторды дамытудағы осал тұсының бірі болып табылады. Үкіметтік емес ұйымдардың тек 8% аудандық деңгейде бой көрсетуде, бұл қоғамдық бастаманы дамыту үшін мүлде жеткіліксіз.

Үкіметтік емес секторды мақсатты мемлекеттік қолдаудың болмауы көп жағдайда мұның себебі болып табылады, бұдан басқа мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жасау тетіктері жеткіліксіз пысықталған.

3.2. Үкіметтік емес ұйымдар жобаларын мемлекеттік қаржыландыруды заңнамалық реттеу саласындағы шетелдердің тәжірибесі

Әлеуметтік тапсырыс үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың неғұрлым тиімді нысаны болып табылады. Осыған байланысты үкіметтік емес ұйымдар жүзеге асыратын жобаларды мемлекеттік қаржыландыруды заңнамалық реттеу саласындағы шет елдердің тәжірибесін зерделеу маңызды болып табылады.

Грант немесе мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы келісім-шарт арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсыну жөніндегі міндеттерді үкіметтік емес ұйымдарға беру практикасы Америка Құрама Штаттарында бұрыннан бар, алайда орталықтандыру үрдісі неғұрлым мол еуропалық елдерде таяуда ғана қолданыла

бастады. Айталық, Люксембург Ұлы Герцогтігінің "Даму үшін ынтымақтастық туралы" 1996 жылғы 6 қаңтардағы Заңы тіркелген үкіметтік емес ұйымдардың қосымша қаржыландыруға, жыл сайынғы көмекке, ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін субсидияға, бірнеше жылға созылатын ынтымақтастық туралы келісімге құқығы болатынын белгілейді. Нидерландыда үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік қызметтерді негізгі көрсетушілер болып табылады. Әлеуметтік қызметтер көрсетуді үкіметтік емес ұйымдарға беруді Германия үкіметі табысты жүзеге асыруда.

Қазіргі уақытта көптеген дамушы елдер мен өтпелі кезеңдегі елдер үкіметтік емес ұйымдармен әлеуметтік қызметтер көрсетуге келісім-шарттар жасасуға мүмкіндік беретін заңнамалық тетіктерді жасады немесе жасауда. Мемлекеттің әлеуметтік қызметтерді жүзеге асыру жөніндегі құқықтарды үкіметтік емес ұйымдарға беруіне бағытталған заңдар Шығыс Еуропа елдерінде (Словакия, Польша, Венгрия, Румыния, Болгария және т.б.) қолданылуда.

Кеңестен кейінгі кеңістік елдеріндегі үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау мәселесінің шешілуі Қазақстан үшін құнды болып табылады. Бұл ретте үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік қызмет көрсетуді орындауына әлеуметтік тапсырыстың берілуі мемлекеттік қолдаудың неғұрлым тиімді нысаны болып танылған Ресей тәжірибесі назар аударарлық. Ресей Федерациясының қалалары мен субъектілері деңгейінде үкіметтік емес ұйымдардың жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешуге қатысуы үшін құқықтық негізді қамтамасыз ететін 20-дан астам нормативтік-құқықтық кесім қабылданды.

"Пермь облысындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Пермь облысының 2000 жылғы 21 қыркүйектегі Заңында "осы Заңның Пермь облысындағы азаматтық қоғам институттарын дамытуға, әлеуметтік проблемаларды шешу үшін бөлінетін бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыруға және олардың шешілуіне коммерциялық емес ұйымдар мен халықтың кең жіктерін тартуға бағытталғаны" атап өтіледі.

"Мәскеу қаласы өкімет органдарының мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимылы туралы" Мәскеу қаласының 2000 жылғы 12 сәуірдегі Заңы Мәскеу қаласы өкімет органдарының мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдардың мақсатты әлеуметтік бағдарламаларымен, қоғамдық-азаматтық бастамалармен, ерікті қызметті қолдаумен байланысты өзара іс-қимылы негізгі қағидаттары мен жіктерін айқындайды. Көрсетілген заңның "Мәскеу өкімет органдарының мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдармен экономикалық емес өзара іс-қимылы" 4-тарауында мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдарды қолдаудың нысаны: ақпараттық қолдау; қоғамдық кеңестер құру; мамандарды оқыту, әдістемелік көмек көрсету; конференциялар, семинарлар, консультациялар өткізу; қаланың, Мәскеу қаласы ауданының мақсатты әлеуметтік бағдарламалары жобаларын талқылауды ұйымдастыру

сияқты басқа да нысандары атап өтілген.

Ресейде муниципалдық әлеуметтік тапсырыс практикасы таралып отыр. Бұл муниципалдық тапсырыстың әр түрлілігі, іс-шаралар мен қаржыландырудың кепілді көздерін қамтамасыз ете отырып конкурстық негізде келісім-шарттар (шарттар) жасасу жолымен қала тіршілігі қызметінің әлеуметтік маңызы бар мәселелерін іске асыруға бағытталған шараларды орындауға муниципалдық тапсырыс берушінің тапсырмасы.

Айталық, Түмен қалалық Думасының 1999 жылғы 27 қазандағы N 508 шешімімен Муниципалдық әлеуметтік тапсырыс туралы ереже бекітілді. Бұл құжатпен муниципалдық әлеуметтік тапсырыс саласындағы нормативтік құқықтық база мен қатынастар реттеледі, бекітілді. Бұл құжатпен муниципалдық әлеуметтік тапсырыс саласындағы нормативтік құқықтық база мен қатынастар реттеледі, муниципалдық тапсырыс берушінің, конкурсты ұйымдастырушының, сарапшылардың және басқа да қатысушылардың өзара іс-қимылының тәртібі, муниципалдық әлеуметтік тапсырысты іске асыру кезінде өтінімдердің бекітілу, өту тәртібі және басқа да міндетті шарттар бекітіледі. 2000-2001 жылдары конкурстарға 96 ұйым қатысты, әлеуметтік қызметтерді орындауға 127 өтінім берілді.

Осылайша, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тетігі экономикалық және саяси жүйелері әр түрлі елдерде қолданылады және үкіметтік емес секторды нығайту мен дамытудың маңызды факторы болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты азаматтық қоғамның бір бөлігі ретінде Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдарды тұрақты дамыту үшін жағдайлар жасау және өзара іс-қимыл мен мемлекеттік билік органдары тарапынан қолдау негізінде әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешудегі олардың рөлін күшейту болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- 1) үкіметтік емес ұйымдар қызметін қамтамасыз ететін құқықтық базаны жетілдіру;
- 2) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың өзара іс-қимылы мен ынтымақтастық жасау жүйесін жетілдіру;
- 3) әлеуметтік мәселелерді шешетін елдің үкіметтік емес ұйымдарына ақпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдастырушылық-техникалық қолдау көрсету;
- 4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесін қалыптастыру;
- 5) өңірлерде азаматтық бастамалардың өсуі үшін жағдайлар жасау;
- 6) үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін құру;
- 7) үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне тұрақты мониторинг пен зерттеулер

ж ү р г і з у ;

8) халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламаны іске асыру мынадай басым бағыттар бойынша:

- 1) ұйымдастырушылық-құқықтық іс-шаралар;
- 2) өңірлерде азаматтық бастамаларды дамыту;
- 3) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жасау жөніндегі
о р г а н д а р к ұ р у ;
- 4) үкіметтік емес ұйымдардың қызметін ақпараттық қамтамасыз ету;
- 5) үкіметтік емес ұйымдарды консультативтік және әдістемелік қолдау;
- 6) үкіметтік емес ұйымдарды ұйымдастырушылық-техникалық қолдау;
- 7) үкіметтік емес сектормен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі іс-қимылдардың жүйелілігі мен
к е з е н д і л і г і н к ө з д е й д і .

Бағдарлама үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдауды іске асырудың, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың одан әрі ынтымақтастығының тиімділігін арттыруға бағытталған.

5.1. Ұйымдастырушылық-құқықтық іс-шаралар

Үкіметтік емес ұйымдардың қызметін қамтамасыз ететін тиісті нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру мен жетілдіру үкіметтік емес секторға пәрменді мемлекеттік қолдау көрсетудің аса маңызды шарты болып табылады.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысына сәйкес "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу жоспарлануда.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс - келісім-шарттар (шарттар) жасасу жолымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етілген, республикалық және өңірлік деңгейлердегі басым мақсатты әлеуметтік бағдарламаларды іске асырудың экономикалық-құқықтық нысаны. Тапсырыс беруші мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар орналастыруды жариялы ашық конкурстар (тендерлер) өткізу негізінде қамтамасыз ететін болады.

"Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Заң мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылының құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де мәселелері кешенін, қоғамның әлеуметтік маңызды проблемаларын шешуге олардың қатысуын анықтайды. Заң мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік маңызды жобаларды шешуге үкіметтік емес ұйымдардың кеңінен қатысуы үшін құқықтық

негізді қамтамасыз етеді, халыққа ұсынылатын әлеуметтік қызметтердің сапасы мен көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобаларына орталық атқарушы органдардың пилоттық тендерлер (конкурстар) өткізуі жоспарлануда. Тендерлердің (конкурстар) жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобаларына тендер (конкурс) өткізудің ережесін әзірлеу көзделген.

Үкіметтік емес ұйымдардың мәртебесі мен қызметіне байланысты ұғымдарға қатысты заңнаманың терминологиялық үйлестігі маңызды.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне қатысты нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу көзделуде.

Үкіметтік емес сектор проблемаларын, оның даму үрдістерін мемлекеттік органдармен іс-қимылын анықтау мақсатында үкіметтік емес ұйымдар проблемалары бойынша социологиялық зерттеулер, Бағдарламаның орындалу барысына мониторинг жүргізілетін болады.

5.2. Өңірлерде азаматтық бастаманы дамыту

Өңірлерде, әсіресе ауылдық жерлерде, үкіметтік емес секторды дамыту, жергілікті билік органдарының әлеуметтік проблемаларды шешуге үкіметтік емес ұйымдарды тартуы әлеуметтік шиеленісті түсіреді, халықтың өзіне өзі көмек көрсетуі мен өзін өзі жұмыспен қамтуын ұйымдастыруда азаматтық бастамалардың өсуіне, әлеуметтік қызмет көрсету сапасы мен көлемінің артуына ықпал ететін болады.

Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар жобаларына тендерлер (конкурстар) ұйымдастыру және өткізу арқылы жергілікті үкіметтік емес ұйымдарды аймақтық әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешуге тарту көзделуде.

Жергілікті атқарушы билік органдарының үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып өңірлерде дамытудың өзекті проблемалары бойынша оқыту семинарларын, тренингтерін, "дөңгелек үстелдерін" өткізуі ауылдық жерлерде азаматтық бастамаларды көтермелеуге жәрдемдесетін болады.

Қайырымдылық, еріктілік, мәдени-көпшілік және өзге де акцияларды бірлесіп өткізу ауыл халқы әлеуметтік белсенділігі артуының маңызды шарты болып табылады.

Халықтың неғұрлым әлсіз жіктерін қолдау, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды тиімді әрі сапалы іске асыру үшін коммерциялық сектор әлеуетін барынша толық пайдалану есебінен жеке көздерден қайырымдылық саласына түсетін ресурстар көлемін елеулі түрде ұлғайтуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау қажет.

Мемлекеттік билік органдары жеке тұлғалардың үкіметтік емес ұйымдар қызметі шеңберінде іске асырылатын әлеуметтік маңызы бар қызмет ретінде өтеусіз ерікті қызметін дамытуға жәрдем көрсетуі тиіс.

Еріктілер көмегі мынадай: халыққа қызмет көрсету түрінде көмек көрсету, қоғамдық пайдалы еңбекті жүзеге асыру, қайырымдылық бағдарламаларын іске

асыруға қатысу нысандарында жүзеге асырылады.

Өңірлік деңгейде азаматтық бастамаларды дамыту проблемаларының табысты шешілуі әлеуметтік саладағы үкіметтік емес ұйымдардың тиімді қызметі үшін жағдайлар жасайды.

5.3. Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі органдар құру

Жергілікті атқарушы билік органдары жанындағы консультативтік-кеңесші мәртебесі бар кеңестер мемлекеттік билік органдарының үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылының оңтайлы жолдарын іздеуге жәрдемдесетін болады. Кеңестер қызметінің негізгі бағыттары: мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың өзара қатынастарын нығайту мен кеңейту, оларға жүйелілік сипат беру; бірлескен іс-қимылды үйлестіру және оларды үйлестірудің нақты тетіктерін әзірлеу; әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге, қазақстандық мемлекеттілікті нығайтуға, қоғамдық процестерді демократияландыруға бағытталған бірлескен іс-шаралардың кешенді бағдарламасын әзірлеу; өзара қолайлы шешімдерді іздеудегі қоғамдық дамудың өзекті проблемаларын бірлесіп талқылау.

Кеңестер қызметіне бірыңғай талаптарды әзірлеу мақсатында жергілікті билік органдарына ұсынылатын атқарушы билік органдары жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі консультативтік кеңестер туралы үлгі ереже ж а с а л а т ы н б о л а д ы .

Үкіметтік емес ұйымдарды әлеуметтік маңызы бар заң жобаларын және орталық мемлекеттік органдар бағдарламалық құжаттарын әзірлеу процесіне кеңінен тарту Бағдарламаны іске асырудың маңызды тетігі болып табылады.

5.4. Үкіметтік емес ұйымдар қызметін ақпараттық қамтамасыз ету

Үкіметтік емес ұйымдар қызметін ақпараттық қолдау бұқаралық ақпарат құралдарында үкіметтік емес сектордың әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешудегі жұмыс тәжірибесін, оның мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығын кеңінен жария етуді көздейді. Үкіметтік емес ұйымдар қызметі туралы мамандандырылған айдарлар, тақырыптық радио және теле хабарларын жасау, қоғамда үкіметтік емес сектордың жағымды бейнесін қалыптастыруға жәрдемдесуге т и і с .

Үкіметтік емес ұйымдардың проблемаларын, әлеуметтік маңызы бар қызметтің даму практикасын, қоғамдық-азаматтық бастамаларды мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізуге мемлекеттік тапсырысты орындайтын бұқаралық ақпарат құралдарында ж а р и я л а п о т ы р у к ө з д е л г е н .

Ақпараттық қолдау шеңберінде, сондай-ақ әлеуметтік жарнамалар рыногын дамыту үшін құқықтық және қаржылық жағдайлар қалыптастыру қажет.

5.5. Үкіметтік емес ұйымдарды консультативтік және әдістемелік қолдау

Үкіметтік емес ұйымдарды консультативтік қолдау үкіметтік емес ұйымдар қызметін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімдерін түсіндіруді; оларға үкіметтік емес сектормен ынтымақтастықты дамыту жөніндегі мемлекеттік органдардың, отандық және шетелдік грант берушілердің жұмыс әдістері, бағыттары туралы ақпарат, елдегі үкіметтік емес ұйымдар туралы деректер мен өзге де ақпарат беруді көздейді.

Қазақстан Республикасы үкіметтік емес ұйымдарының деректер банкін жасау көзделген.

Үкіметтік емес секторды одан әрі жандандыру мен топтастыру мақсатында "Қазақстандық үкіметтік емес ұйымдар 21 ғасырда: қалыптасу проблемалары, даму перспективалары" халықаралық форумы өткізілетін болады, онда Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының даму үрдістері мен перспективалары талқыланатын болады, кең көлемде тәжірибе алмасу өтеді, мемлекеттік органдармен тиімді ынтымақтастықтың жолдары қаралады.

Әдістемелік қолдау үкіметтік емес сектор қызметіне жүргізілетін мониторинг пен зерттеулер, оның мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы проблемаларын талдау негізінде үкіметтік емес ұйымдар үшін әдістемелік ұсынымдар, материалдар, анықтамалықтар, оқу құралдарын жасауды көздейді.

5.6. Үкіметтік емес ұйымдарды ұйымдастырушылық-техникалық қолдау

Ұйымдастырушылық-техникалық қолдаудың маңызды бағыты практикалық сипаттағы іс-шаралар: "дөңгелек үстелдер", семинарлар, конференциялар, тренингтер, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп өзге де акциялар өткізу, сондай-ақ іс-шараларды өткізуге техникалық көмек көрсету (үй-жайларды, техникалық құралдарды беру, мүдделі органдарды, адамдарды шақыру және т.б.) болып табылады.

Үкіметтік емес секторды дамытудың өзекті проблемалары бойынша "дөңгелек үстелдерді" жүйелі негізде ұйымдастыру мен өткізу үкіметтік емес ұйымдардың даму процесінің, олардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын көтермелеу мен кедергілерін анықтауға жәрдемдесетін болады.

"ҮЕҰ ақпарат-орталығы" үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсету республикалық орталығы мен орталықтың өңірлік өкілдігін байланыстыратын бірыңғай жүйе құру, бағдарламалық жабдықтар орнату жұмысты тиянақты үйлестіруге, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қатынастарын нығайту мен кеңейту жөніндегі қызметті жоспарлы түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз ету, үкіметтік емес ұйымдарды экологиялық проблемаларды шешуге тарту, қоршаған ортаны қорғауға қатысты мәселелер бойынша құқықтық сауаттылықты арттыру қажет.

5.7. Үкіметтік емес сектормен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілерді дайындау және олардың біліктілігін арттыру

Осы бағыт үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жүйелерін жетілдірудің әртүрлі мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілер үшін жүйелі семинарлар, оқыту тренингтерін ұйымдастыруды және өткізуді көздейді.

Үкіметтік емес секторды дамыту саласындағы тәжірибе, әдістемелік және теориялық әзірленімдер Қазақстанда әзірше жеткіліксіз болғандықтан, бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмыс көбінесе инновациялық сипатта болады. Осыған байланысты Бағдарлама бойынша іс-шараларды жүзеге асыратын уәкілетті органдардың қызметкерлерін даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға едәуір

к ө н і л б ө л у қ а ж е т .

Аумақтық бөлімшелер қызметкерлері үшін біліктілікті арттыру семинарларын өткізіп, бөлімшелер мен әртүрлі деңгейлер арасында тәжірибе алмасу жүйесін жолға қойып, қызметкерлердің халықаралық және ұлттық оқыту іс-шараларына қатысуына

ж ә р д е м д е с к е н ж ө н .

Халықаралық ұйымдармен әріптестік қатынастар негізіндегі ынтымақтастық демократиялық реформалардың алға басуының, азаматтық қоғам құрудың маңызды көрсеткіші болып табылады. Әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешуге бағытталған бірлескен бағдарламаларды орындау елдің үкіметтік емес секторын дамытуға оң ықпал етеді. Халықаралық ұйымдар мен қорлардың қаржылық және техникалық қолдауы үкіметтік емес ұйымдарды нығайту мен дамытуға, мемлекеттік органдармен ынтымақтастық жасауға жәрдемдесетін болады.

5.8. Бағдарламаны іске асыру тетігі

Бағдарламаны іске асыру үшін белгіленген іс-шаралардың кезең-кезеңімен орындалуын көздейтін, Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) әзірленеді.

Жоспар Бағдарламаны орындау жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру мен бақылауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру процестерін үйлестіру Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне жүктелген.

Бағдарламаны іске асыру тетігі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың бірлескен іс-қимылын, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен белсенді

ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы к ө з д е й д і .

Бағдарламаның орындалуын үйлестіру мен бақылау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар тиімділігін бақылаудың айқын көрсеткіштерін (индикаторларын) қамтитын оның мониторингі мен бағалау жүйесі жасалатын болады. 2003 жылдың 4 тоқсанында

300 сараптамашы (мемлекеттік органдар, ғылыми, үкіметтік емес ұйымдар) қатысатын Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес сектордың даму проблемалары жөнінде сараптамалық сұрау салуды өткізу жоспарланып отыр.

Бағдарлама мониторингін талдау нәтижелері жекелеген бағыттарға түзету енгізу, Бағдарлама мен Жоспарға тиісті өзгерістер енгізу, сондай-ақ кейінгі бағдарламаларды әзірлеу үшін негіз болады.

Ескерту. 5.8-бөлімше өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.02.06. N 146 қаулысымен , 2005.01.28. N 73 қаулысымен .

6. Қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері

Бағдарламаны іске асыру мынадай қаржыландыру көздерінен жүзеге асырылатын болады :

- 1) республикалық бюджеттен;
- 2) жергілікті бюджеттерден;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қаржыландырудың өзге де көздерінен.

Бағдарламаны қаржыландыру білім беру, денсаулық сақтау, жастар саясаты, демографиялық саясат, гендерлік саясат, әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік көмек, мәдениет, ақпарат, спорт, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар салаларындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралардың бір бөлігін орындауға республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылатын болады .

Халықаралық ұйымдардың, қоғамдық қорлардың техникалық және гранттық көмегін, барлық меншік нысанындағы ұйымдардың өз қаражаттары мен Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдермен тыйым салынбаған өзге де көздерді тарту көзделеді .

Бағдарламаны іске асыруға арналған республикалық бюджеттен қаржыландырудың жалпы көлемі 37 628 000 теңге көлемінде көзделеді, оның ішінде: 2003 жылға - 14000 000 теңге, 2004 жылға - 11 146 000 теңге, 2005 жылға - 12 482 000 теңге. <*>

Ескерту. 6-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.02.06. N 146 қаулысымен .

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны толық іске асыру және онда көзделген барлық шараларды қабылдау нәтижесінде мемлекеттік органдар мен қоғамдық сектор арасында әріптестік қатынастардың тиімді жүйесі, сондай-ақ республика азаматтық қоғамының тұрақты дамуы қамтамасыз етілетін болады .

Осы Бағдарламаның іске асырылуы елдің үкіметтік емес секторына нақты ұйымдастырушылық-техникалық, әдістемелік, консультативтік, ақпараттық қолдаудан

көрінетін болады, қайырымдылық қызмет үшін жағдайлар жасайды, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жандандыра түседі.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін үкіметтік емес сектор дамуындағы оң өзгерістерді сипаттайтын негізгі көрсеткіштер (индикаторлар): үкіметтік емес ұйымдардың сандық және сапалық құрамы, кадрлық әлеуеті, ұйымдастырушылық және қаржылық ресурстары, олардың қоғамдық рейтингі, өңірлерде үкіметтік емес сектордың өсуі, үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруға қатысуы, мемлекеттік құрылымдармен әріптестік қ а т ы н а с т а р .

Бағдарламаны толық іске асыру және онда көзделген шараларды қабылдау н ә т и ж е с і н д е :

Қазақстанның үкіметтік емес секторын одан әрі дамыту үшін құқықтық, әдіснамалық, ұйымдастырушылық-техникалық жағдайлар жасалатын; халыққа көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасы мен көлемін арттыруға жәрдемдесетін мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектор арасындағы әріптестік қатынастардың тиімді жүйесі жасалатын және енгізілетін; өңірлерде азаматтық бастамалардың өсуіне жағдайлар жасалатын; халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі әдіснамалық база ны ғ а й т ы л а т ы н болады .

Көрсетілгендер, тұтастай алғанда азаматтық қоғамды дамыту мен нығайтуға, елдің әлеуметтік және гуманитарлық әлеуетін арттыруға жәрдемдесетін болады.

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.06. N 146 қаулысымен , 2004.03.20. N 364 қаулысымен , 2005.01.28. N 73 қаулысымен .

Р/с!	Іс-шара	Аяқтау	Орындалу!	Орындалу!	Болжамды!	Қаржылан.
N !		нысаны	ына жау.	(іске	шығыстар!	ландыру
!		!	аптылар	асыру)!		көздері
!		!		мерзімі!		!

1 !	2	!	3	!	4	!	5	!	6	!	7
-----	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1. Ұйымдастырушылық-құқықтық іс-шаралар

1	Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республи. касы За.	МАҚКМ	2003 ж.	-	Қаржыланды. руды қажет етпейді
		лекеттік		2 тоқсан		ң ы н ы ң

ә л е у м е т т і к ж о б а с ы

т а п с ы р ы с
т у р а л ы "
з а ң ы н ы ң
ж о б а с ы н

әзірлеу

- 2 Үкіметтік Бұйрық МАҚКМ 2003 ж. - Қаржыланды.
емес ұйым. 2 тоқсан руды қажет
дардың әлеу. етпейді

м е т т і к м а .
ң ы з д ы ж о б а .
л а р ы н а т е н .
д е р (к о н .
к у р с) ө т к і з у
е р е ж е с і н

әзірлеу

- 3 Орталық және Бұйрық МАҚКМ 2003 ж. - Қаржыланды.
жергілікті Бұйрық ҮЕҰ 2 тоқсан руды қажет
атқарушы (келісім етпейді
о р г а н д а р б о й ы н ш а)

ж а н ы н д а ғ ы
ү к і м е т т і к
е м е с ұ й ы м .
д а р м е н ө з а р а
і с - қ и м ы л
ж ө н і н д е г і
к о н с у л ь т а .
т и в т і к к е .
н е с т е р т у р а .
л ы ү л г і л і к
е р е ж е

әзірлеу

- 4 Үкіметтік Орталық МАСМ, 2003 ж. 10700000 Республ.
емес ұйым. атқарушы ЕХҚМ, 2 тоқсан теңге калық
дардың әлеу. органдар. ДСМ, (МАСМ) бюджет
меттік ма. дың бұй. ҚОҚМ,
ңызды жоба. рықтары ОӘІҰК
ларын ірік. (келісім 2004 ж. 9700000
теу жөнінде бойынша) 2 тоқсан теңге

тендерлер (МАСМ)
 (конкурстар)
 ұйымдастыру және өткізу 2005 ж. 9700000
 2 тоқсан теңге

(МАСМ)

5 Мемлекеттік Қазақстан МАҚКМ 2003 ж. - Қаржыланды.
 емес ұйымдар Республ. 4 тоқсан руды қажет
 қызметін қасының етпейді
 қамтамасыз Үкіметіне
 ететін құ. ақпарат
 қықтық база.
 ны жетілдіру
 жөнінде
 ұсынғыстар

енгізу

6 Үкіметтік Қазақстан МАҚКМ
 емес ұйым. Республ.
 дардың қыз. қасының
 метіне мони. Үкіметіне
 торинг өткі. ақпарат
 з у :
 Үкіметтік 2003 ж. - Қаржыланды.
 емес сектор. 4 тоқсан руды қажет
 ды дамыту етпейді
 мәселелері
 бойынша са.
 раптамалық

сауалдама

2. Аймақтарда азаматтық бастаманы дамыту

7 Үкіметтік Қазақстан МАСМ, Желтоқсан - Қаржыланды.
 емес ұйым. Республ. облыс. жыл сайын руды қажет
 дармен бір. қасының тардың, етпейді
 лесіп өңір. Үкіметіне Астана
 лік әлеумет. ақпарат және
 тік маңызды Астана
 проблемалар қалала.
 бойынша рының
 семинарлар, әкімдері,
 "дөңгелек" ҮЕҰ

	үстелдер "			(келісім
өткізу	бойынша)			
8	Үкіметтік Қзақстан МАСМ, Желтоқсан - Қаржыланды.			
емес ұйым. Республ.	облыс. жыл сайын	руды қажет		
дармен бір. қасының тардың,		етпейді		
лесіп қайы. Үкіметіне		Астана		
рымдылық,	ақпарат	және		
ерікті, мә.		Астана		
дени-көпшілік		қалала.		
және өзге		рының		
де акциялар		әкімдері,		
ұйымдастыру		ҮЕҰ		
және өткізу		(келісім		
бойынша)				

3. Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі органдар құру

9	Жергілікті Әкімдердің Облыстар. 2003 ж. - Қаржыланды.
атқарушы шешімдері дың, Ас. 2 тоқсан	руды қажет
органдар тана, Ал.	етпейді
жанынан	маты қа.
үкіметтік	лаларының
емес ұйым.	әкімдері
	дармен ын.
	тымақтастық
	және өзара
	іс - қимыл
	жөніндегі
	консульта.
	тивтік ке.

ңестер құру

10	Үкіметтік Қзақстан МАСМ, 4 тоқсан, - Қаржыланды.
емес ұйым. Республ. орталық жыл сайын	руды қажет
дарды әлеу. қасының атқарушы	етпейді
меттік ма. Үкіметіне	органдар
ңызды заң	ақпарат
	жобаларын
	және бағдар.
	ламалар жо.
	баларын

ә з і р л е у п р о .
ц е с і н е т а р .
т у д ы ұ й ы м .

дастыру

4. Үкіметтік емес ұйымдар қызметін ақпараттық қамтамасыз ету

- 11 Әлеуметтік Қазақстан МАСМ Маусым, - Қаржыланды.
маңызды про. Республи. желтоқсан, руды қажет
блемаларды қасының жыл сайын етпейді
ш е ш у д е г і Ү к і м е т і н е
ү к і м е т т і к а қ п а р а т
е м е с ұ й ы м .
д а р д ы н ж ұ м ы с
т ә ж і р и б е с і н
б ұ қ а р а л ы қ
а қ п а р а т к ұ .
р а л д а р ы н д а
к е ң і н е н

жариялау

- 12 Әлеуметтік Қазақстан МАСМ 2005 ж. - Қаржыланды.
жарнама Республи. 1 тоқсан руды қажет
рыногын да. қасының етпейді
м ы т у ү ш і н Ү к і м е т і н е
қ ұ қ ы қ т ы қ ұ с ы н ы с
ж ә н е қ а р ж ы .
л ы қ ж а ғ д а й .
л а р қ а л ы п .

тастыру

- 13 Мемлекеттік Қазақстан Ақп.мині 2004 ж. - Қаржыланды.
тапсырысты Республи. 4 тоқсан руды қажет
орындайтын қасының етпейді
б ұ қ а р а л ы қ Ү к і м е т і н е
а қ п а р а т е с е п
қ ұ р а л д а р ы н д а
ү к і м е т т і к
е м е с с е к т о р .
д ы д а м ы т у
п р о б л е м а л а р ы
ж ө н і н д е м а .

ұйымдастыру

5. Үкіметтік емес ұйымдарды консультативтік және әдістемелік қолдау

- 14 Үкіметтік Қазақстан МАСМ, Маусым, - Қаржыланды.
емес ұйым. Республи. ӘДМ, желтоқсан, руды қажет
дардың қыз. қасының ЕХҚМ, жыл сайын етпейді
метіне қа. Үкіметіне ДСМ,
тысты норма. ақпарат ҚОҚМ
т и в т і к қ ұ .
қ ы қ т ы қ к е .

с і м д е р д і ,
қ о ғ а м д ы қ
б і р л е с т і к .
т е р г е т ү с і н .

діру

- 15 Үкіметтік Қазақстан МАСМ, Желтоқсан, Республика.
емес ұйым. Республи. ЕХҚМ, жыл сайын лық бюджет
дармен өзара қасының ДСМ, 2003 ж. 180 000
іс-қимыл Үкіметіне ҚОҚМ теңге
және ынты. ақпарат (МАҚҚМ)
мақтастық 2004 ж. 180 000
саласындағы теңге
мемлекеттік (МАСМ)
с а я с а т т ы
т ү с і н д і р у
ж ө н і н д е г і

ә д і с т е м е л і к
м а т е р и а л д а р ,
ұ с ы н ы м д а р ,
о қ у қ ұ р а л д а .

рын әзірлеу

16 <*>

- 17 "Қазақстан. Бұйрық МАСМ, 2005 ж. 2 782 000 Республи.
дық ҮЕҰ 21- СІМ, 3 тоқсан теңге калық
ғасырда: қа. халық. бюджет
лыптасу про. аралық
блемалары, ұйымдар

даму перс.
пективалары"

(келісім
бойынша)

үкіметтік
емес ұйымдар.
дың халық.
аралық фору.

мын өткізу

6. Үкіметтік емес ұйымдарды ұйымдастырушылық-техникалық қолдау

18 Үкіметтік Қазақстан МАСМ, Жыл сайын, - Қаржыланды.
емес ұйым. Республи. мемле. желтоқсан руды қажет
дармен бір. қасының кеттік етпейді
лесіп конфе. Үкіметіне органдар
р ен ц и я л а р , а қ п а р а т
" д ө н г е л е к
ү с т е л д е р " ,
т р е н и н г т е р ,
с е м и н а р л а р ,
ө з г е д е
а к ц и я л а р

өткізу

19 Үкіметтік Бұйрық МАСМ 2003 ж. 1 200 000 Республика.
емес сектор. теңге лық бюджет
ды да м ы т у д ы ң
ө з е к т і п р о б . 2004 ж. 446 000
л е м а л а р ы , т е ң г е
о н ы ң м е м л е .
к е т т і к ұ й ы м .
д а р м е н ө з а р а

і с - қ и м ы л ы
м е н ы н т ы м а қ .
т а с т ы ғ ы ж ө .
н і н д е " д ө н г .
г е л е к ү с т е л .
д е р " ұ й ы м д а с .
т ы р у ж ә н е

өткізу

20 "ҮЕҰ ақпарат Бұйрық МАҚКМ, 2003 ж. 300 000 Республика.
орталығы" халық. 1 тоқсан теңге лық бюджет

ҮЕҰ - ны қол .
даудың рес .
публикалық
орталығы мен

аралық
ұйымдар
(келісім
бойынша)

орталықтың
өңірлік
өкілдіктерін
байланысты .
ратын бірың .
ғай желі құру ,
бағдарламалық
қамтамасыз

етуді белгілеу

21 ҮЕҰ-ның эко. Қазақстан ҚОҚМ Тоқсан - Қаржыланды.
логиялық ақ. Республи. сайын руды қажет
паратқа ке. қасының етпейді
ңінен қол Үкіметіне
жеткізуін есеп

қамтамасыз
ету , оларды
экологиялық
проблемаларды
шешуге тарту ,
қоршаған
ортаны қор .
ғауға қатысты
мәселелер
бойынша құ .
қықтық сауат .

тылықты көтеру

**7. Үкіметік емес сектормен өзара іс-қимыл мәселелері
бойынша мемлекеттік қызметшілерді даярлау және
олардың біліктілігін арттыру**

22 Тренингтер Бұйрық МАҚКМ, 2003 ж. 60 000 Республика.
үйренуші МҚА, Мем. 2 тоқсан теңге лық бюджет
мемлекеттік қызмет. (МАҚКМ)
қызметшілер академия.
үшін семинар. сы (келі.
лар ұйымдас. сім бой.

тыру және
өткізу

ынша),
халықара-
лық ұйым.
дар (келі-
сім бойын-

ша)

23 Үкіметтік Бұйрық, Ақп.мині, 2004 ж. 820 000 Республика.
емес сектор. әкімдер. МҚА, 2, 3, 4 теңге лық бюджет
мен өзара дің ше. облыстар. тоқсандар (Ақп.мині)
іс-қимыл шімдері дың,
мәселелері Астана
бойынша мем. және
лекеттік Алматы
органдар қалалар.
қызметкер. ының
лері үшін әкімдері,
өңірлік мемқызмет
семинарлар академиясы
ұйымдастыру (келісім
бойынша)

24 Қазақстан Бұйрық МАҚКМ, 2003 ж. 1 560 000 Республи.
Республика. МҚА, СІМ, теңге қалық
сының шет халықаралық бюджет
елдердегі ұйымдар
мемлекеттік (келісім
органдары. бойынша)
ның қызмет.
керлерін
оқытуды
ұйымдастыру

Ескерту: Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің қалыптастырылуына қарай іс-шараларды қаржыландыру көлемі нақтыланады

Қабылданған қысқартулар:

Мемқызмет академиясы - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Мемлекеттік қызмет академиясы
МҚА - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі

ДСМ - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

СІМ - Сыртқы істер министрлігі

МАҚМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
м и н и с т р л і г і

ҚОҚМ - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ЕХҚМ - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
м и н и с т р л і г і

ӘдМ - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау
м и н и с т р л і г і

ОӘІҰК - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және
әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссиясы

ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар

МАСМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі